



# БРАЗИЛИЯ

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫСЫ

- Жерінің ауданы—8,5 млн км
- Халқы 202,8 млн адам(2014 ж.)
- Астанасы-Бразилиа
- Мемлекеттік құрылымы-федерациялық республика
- Мемлекет басшысы-президент
- Заң шығарушы органы-Ұлттық конгресс
- Мемлекеттік тілі-португал тілі
- Ақша бірлігі-реал
- Әкімшілік-аумақтық бірлігі-шарттар және федералдық округ

## Халқы.

Бразилияның халқының саны-202,8 млн адам,яғни дүниежүзі тұрғындарының 2,7%-ын, Латын Америкасы халқының 1/3 бөлігін құрайды.

Орташа есеппен алғанда халық тығыздығы 1 км<sup>2</sup> жерге 24 адам болғанымен, ел аумағы бойынша халық біркелкі қоныстанбаған. Халықтың басым көпшілігі Атлант мұхиты жағалауында шоғырланған. Мысалы, Оңтүстік-шығыста халық тығыздығының көрсеткіші 70 адамнан асады.

Соңғы онжылдықта қала халқының саны артуда2013 жылы қала халқының үлесі 85% ға жетті. Аса ірі қалалары- Сан Паулу Рио-де-Жанейро, Белу-Оризонти, Ресифи,Пор Алегри.





# Мемлекеттің қалыптасу тарихы

- 16 ғасырдың басына дейін Бразилия жерін тупи-гуарани, тупинамбас т.б. үндіс тайпалары мекендеген. Олар аңшылықпен, балық аулаумен, жер өңдеумен шұғылданып, темекі, какао, т.б. дақылдар өсірді. 1500 жылы Бразилия жағалауына португалдық теңізші Педру Кабрал келіп түсті де, өзі тапқан жерді Португалия иелігі деп жариялады. Ол паубразил атты құнды қызыл ағашты Бразилиядан Португалияға тасыды; елдің аты да осы ағаштың атынан шыққан. 1549 жылы генерал-губернаторлық құрылып, астанасы Баия (Салвадор) қаласы болды. 1517 жылдан құлдар әкеліне бастады да, құл еңбегінің нәтижесінде ірі жер иеліктері пайда болып, онда қант қамысы, мақта, күріш, жүгері өсірілді. Кейіннен алтын мен алмас шығарылуына байланысты Бразилия Португалияның ең бай отарына айналды. 1763 жылы астана Баиядан Рио-де-Жанейроға көшірілді. 1822 жылы қаңтарда Бразилияның тәуелсіздігі жарияланды. 1824 жылдың наурыз айында елдің тұңғыш конституциясы қабылданып, конституциялы монархия орнады. 1888 жылы 13 мамырда құлдықты жою жөнінде Алтын заңға қол қойылды. 1889 жылы 15 қарашада император тақтан түсіріліп, Бразилия республика болып жарияланды. 1-дүниежүзілік және 2-дүниежүзілік соғысқа қатысқан. 1950 – 60 жылдары Бразилия аграрлы елден аграрлы-индустриялы елге айналды. Ел аумағы 26 штаттан 1 федералдық округтен тұрады. Сан-Паулу, Рио-де-Жанейро, Ресифи, т.б. өнеркәсіп орталықтары өсіп, аграрлық, финанс, оқу реформалары жүргізілді. 1960 жылы жиырма бірінші сәуірде ел астанасы Бразилиа қаласына көшті. Бұдан кейін жиырма жылдай (1964 – 85) елді әскери генералдар басқарды. Бразилия экономикалық күш қуаты жағынан дүние жүзінде сегізінші орын алады. Бразилия Латин Америкасы елдері ішінде шешуші рөл атқарады



# Табиғаты және табиғат ресурстары

- Аумағының 93% - ы оңтүстік жарты шарда жатқан Бразилия жерінің табиғаты алуан түрлі. Ел аумағында Гвиана таулы үстіртінің оңтүстік бөлігі, Бразилия таулы үстірті және Амазонка ойпаты орналасқан. Бразилияның ең биік нүктесі – Бандейра тауы (2890 м). Парагвай өзенінің жоғарғы ағысын Пантанал ойпаты алып жатыр. Оңтүстік Америка платформасында орналасқандықтан пайдалы қазбаларға бай. Бразилия темір кенінің қоры жөнінен бірінші орын алады, мұнда аса ірі Қаражас кен орны(қоры-18 млрд тг) орналасқан.
- Елде марганец,боксит,алмастың,алтынның және полиметаллдардың дүниежүзілік маңызы бар кен орындар барланған. Сонымен қатар Бразилия асыл тастарымен әйгілі. Соңғы жылдары Амазонияда алтын кен орындарының ашылуына байланысты ел «алтын дүрбелеңін» бастан кешуде.

# Шаруашылығы, өнекәсібі өндірісі

- Бразилия мұнай гай өндіру ісі басым орын алады. Қазіргі кезде автокөліктің 90%-дан астамы омыс отынмен жұмыс істейді. Бұл салада «ПетроБразил» мемлекеттік мұнай компаниясы жетекші орын алады
- Бразилия машина жасау өнеркәсібіменде айналысады. Ол жалпы өнеркәсіп өнімнің 30 пайыздан астамын береді. 21 ірі компания осы іспен айналысады соның ішінде «Фольксваген-ду-Бразилл», «Дженерал Моторс» «форд-виллис» «крайслер-дуБразил» компаниялары жетекші орын алады.
- Сонымен қатар ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, дүниежүзімен теңіз порттары темір жолдар қысқаша айтқанда көлік қатынасы дамыған.